


Проблемалық оқыту технологиясы



Педагогикалық технология-



педагогикалық педагогикалық іскерліктердің педагогикалық іскерліктердің жетістігіне жеткізетін ғылыми жобалау және нақты өндіру. Педагогикалық жаңа технология – іс-әрекетке, оқыту барысында жүзеге асатын педагогикалық жүйе. Ол дара тұлғаны жетілдіруге, белгілі бір мақсатқа жету жолында арнайы ықпалды ұйғаруға қажетті байланысқан әдіс-тәсілдер.


Проблемалық оқыту



Проблемалық оқыту — оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, білімді шығармашылық тұрғыдан меңгеруге негізделген дидактикалық жүйе.



Проблемалық оқытудың мақсаты -



Ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзіне де, процесінде меңгеру, студенттердің таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Проблемалық оқытудың негізгі психологиялық және педагогикалық мақсаттары:

- оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттері мен дағдыларын дамыту.
- оқушылардың белсенді ізденіс нәтижесінде игерген білімдері мен дағдылары дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда есте тез және берік сақталады.
- түрлі проблемаларды көріп, қойып, шеше білетін белсенді оқушы тұлғасын қалыптастыру
- кез-келген нақты қызмет саласында өз ерекшелігі болатын кәсіби проблемалық ойлау жүйесін қалыптастыру және дамыту.

Проблемалық оқыту технологиясының мақсаттары:

1. Оқу материалдарында баланы қызықтыратындай мәселе туғызу.
2. Білімге қасиеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгеру.
3. Оқудың бала өміріндегі еңбегімен байланыстылығы.
4. Оқушылардың белсенділігін арттыру.
5. Оқушының өз бетімен ізденуге үйрету олардың танымдық және шығармашылық икемдіктерін дамыту.

Проблемалық оқыту технологиясының
мақсаттары:

1. Оқу материалдарында баланы қызықтыратындай мәселе туғызу.
2. Білімге қасиеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгеру.
3. Оқудың бала өміріндегі еңбегімен байланыстылығы.
4. Оқушылардың белсенділігін арттыру.
5. Оқушының өз бетімен ізденуге үйрету олардың танымдық және шығармашылық икемдіктерін дамыту.

Проблемалық жағдайларға қойылатын
негізгі талаптарға мыналар жатады:

Оқу ақпаратының сәйкестілігі

Проблеманың күрделі болуы

Оқушылардың танымдық әрекетімен дербестікті дамытуға бағытталуы

Жаңа жағдайда талдауда қайшылықтардың кездесуі

Проблемалық оқытудың басты белгілері:

1. Білімді проблема негізінде баяндау

1. Оқытушы сабақты жай хабарлап, не баяндап түсіндірмейді, проблеманы қоя отырып түсіндіреді. Білім алушылардың таным белсенділігін арттыру, біріге отырып оны шешу жолдары мақсат етіледі.

2. Білім алушыларды іздену, зерттеу іс-әрекетіне кіргізу

2. Оқытушы білім алушылар алдына проблема қояды, ол проблемаға білім алушылардың назарын аударады, сабақ барысында сұрақ-жауап, басқа да өнімді тәсілдер арқылы оны шешуге түрткі жасайды.

3. Оқытудың зерттеу әдісі

3. Білім алушылар проблеманы шешу үшін болжам жасайды, дәлелдеу, салыстыру, қорытынды шығару тәсілдерін, амалдарын іздестіреді. Өз беттерімен, өз ізденістерімен мақсатқа жету үшін



Проблемалық оқыту – ойлау операциялары логикасы талдау, қорытындылау және т.б оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын проблемалық ситуация, танымдық қызығушылығының, қажетсінуінің және т.басқасын ескере отырып оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдердің қолдану ережелерінің жаңа жүйесі. Бұл оқыту студент ойына, пікір қайшылықтарына дұрыс бағдар жасай отыра, жауап табу әдістерін үйретеді. Сонымен, проблемалы оқытудың ерекшелігі: оқушыға дайын білім берілмей, одан проблемаларды ізденіс арқылы шешу талап етіледі.



Проблемалы оқыту кезінде мұғалімнің жетекшілігімен проблемалы жағдай жасалып, оқушылар оны шешуге белсенді түрде қатысады, осы іс-әрекеттің нәтижесінде оқушылар кәсіби білімді, дағды мен біліктерді меңгеріп, ойлау қабілеттерін дамытады.

Проблемалы оқыту ынталандырудың ерекше проблемалы түріне негізделеді, сондықтан материалдық дидактикалық мазмұнының тиісті дәрежеде, яғни проблемалы жағдайдың тізбегі ретінде берілуін талап етеді.



Ғылыми білім логикасының түп-төркіні проблемалы жағдайлардың логикасы болып табылады. Проблемалы жағдайлар мазмұнның белгісіздігіне қарай, проблемалықтың деңгейіне қарай, ақпарат сәйкессіздігінің түріне қарай, басқа да әдістемелік ерекшеліктеріне қарай әртүрлі болуы мүмкін. Проблемалы оқыту технологиясы – бұл проблемалы жағдайларды, оқушылардың белсенді танымдық қызметін ұйымдастыруға негізделген технология. Педагогикалық проблемалы жағдай белсенділікті оятатын әрекеттердің, таным объектісінің жаңалығын, маңыздылығын, сұлулығын және басқа да ерекшеліктерін айқындайтын мұғалім сұрақтарының негізінде туындайды. Психологиялық – проблемалық жағдай жасаудың өзіндік жеке ерекшеліктері бар. Тым қиын не тым жеңіл танымдық міндет оқушылардың ойында проблемалық жағдай туғызбайды.

Проблемалық оқытудың күшті жақтары:

- Студенттердің логикалық ойлау қабілетін арттырады;
- Оқу еңбегіне қызығушылығын арттырады;
- Оларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді;
- Берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді.




Проблемалық оқытудың кемшіліктері:

- Студенттердің танымдық іс-әрекетін басқаруға әлсіз ықпал ету;
- Мақсатқа жету үшін көп уақыт жұмсау.

В.Оконь проблемалық оқыту
«Проблемалық жағдай тудыру,
проблема көтеру, қойылған
мәселелерді шешуде
оқушыларға қажетті көмек
көрсету, ол шешімдердің
дұрыстығын оқушылардың
дәлелдеуі, оқушылардың
меңгерген білімдерін
жүйелендіру және бекіту
үрдісіне басшылық жасау
сияқты іс-әрекеттердің
жиынтығы деп есептеген.



Д.В.Вилькеев ғылыми
ізденуге негізделген
оқыту проблемалық
оқыту бола алады деп
есептейді.



Ғалым И.Я.Лернер проблемалық оқытуды қарастыра отырып, проблемалық оқытудың маңызы «Оқушы оқытушы жетекшілігімен жаңа танымдық және тәжірибелік мәселелердің шешімін табуға қатысуында», - деген ой түйіндейді




Жаңа технологияны
қолдану мына кезеңдер
арқылы іске асады:

- I кезең: оқып-үйрену;
- II кезең: меңгеру;
- III кезең: өмірге ендіру;
- IV кезең: дамыту.





Проблемалық оқытудағы студенттердің шығармашылық іс-әрекетін бұлай тұжырымдауға болады:



1. Оқу материалының мазмұнын талдау, саралау.
 2. Проблеманы ашу, өнім жасаушы шығармашылық еңбекке қол жеткізу.
 3. Қорытынды жасау, өзіне-өзі баға беру, саралау.
- Проблемалық оқыту технологиясы дұрыс іздене білгенде, ол тіл дамытуда өнімді нәтижелі қорытынды береді.

Проблемалық оқыту

Проблемалық жағдаяттың пайда болуы

Проблемалық міндетті қою және оның қиыншылық мәнін жете түсіну

Болжау арқылы шешім тәсілдерін табу

Болжамды дәлелдеу

Проблема шешімінің дұрыстығын тексеру

Деңгейлеп даралап-саралап оқыту технологиясы

bull 4. baby - 7. calf 10 peacock
cow 5. cub 8 seal 11 fox
peahen 6. pup 9 bison 12 vixen



Қорытынды :

Проблемалық оқыту нәтижесінде туындайтын белсенділіктің мәні оқушы берілген материал негізінде өз бетімен жаңа ақпараттар тауып, оны талдап және іс жүзінде, яғни тәжірибеде қолдана алуымен айқындалады. Басқаша айтқанда, оқушылардың бұрыннан қалыптасқан, меңгерген білімдерін пайдалану арқылы білімді одан әрі жетілдіру, тереңдету және дамыту болып табылады. Оқушыға бұрыннан игерген білімдерін жаңа проблемалық жағдайды шешуде қалай пайдалану керектігін оқытушы да көрсетіп бере алмайды, кітаптан да ала алмайды. Ол тек оқушының өзіндік іс-әрекеті арқылы ғана іске асатын үрдіс. Жаңа проблемалық жағдайды шешу үшін оқушы өзі ізденеді, зерттейді, анықтайды, жаңа мәселелердің түйінін шешеді.



Назарларыңызға рахмет!

